

«ҰЛЫ АНА» – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІН ҰЛЫҚТАҒАН ЖОБА

Анаға тағзым – ұлтқа тағзым

Қазақ халқы үшін «ана» ұғымы қашанда қасиетті. Ана – отбасының ғана емес, ұлттың рухани өзегі, тәрбиенің алтын діңгегі, адамгершілік пен мейірімнің мәңгілік символы. Ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, елдің ертеңін тәрбиелейтін де – ана. Сондықтан ананы ардақтау – мемлекеттің рухани деңгейін айқындайтын ең маңызды құндылықтардың бірі.

Осы терең таным мен ұлттық дүниетаным негізінде 2026 жылы Қазақстанда алғаш рет «Ұлы ана» қоғамдық медалі тағайындалып, ел көлемінде үлкен қоғамдық-мәдени жоба жүзеге асырылды. Бұл бастама Қазақстан қоғамындағы әйел-ананың рөлін жаңа деңгейде танытып қана қоймай, аналық миссияның шексіз қадір-қасиетін қоғам санасына қайта жаңғыртқан маңызды рухани оқиғаға айналды.

Аталған бастама «Анаға құрмет» музейі, «Мәдениеттердің өзара әрекеттесу орталығы» қоғамдық бірлестігі және ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығы филиалының бірлескен ұйымдастыруымен жүзеге асырылды.

2026 жылғы 7 сәуір мен 9 мамыр аралығында өткен жоба ананың қоғамдағы рөлін тек отбасы шеңберінде ғана емес, жалпыұлттық рухани-мәдени құндылық ретінде танытуға бағытталды.

«Ұлы ана» медалі: құрмет пен тағзымның белгісі

Бұл бастаманың негізінде биыл 90 жасқа





толу мерейтойы кең көлемде аталып өтіп жатқан көрнекті ақын, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, антиядролық қозғалыстың көшбасшысы, дипломат әрі ғалым Олжас Сүлейменовті дүниеге әкеліп, тәрбиелеген анасы – Фатима Насыржановна Бедельбаеваның өнегелі тұлғасы жатыр. Өз ұлының бойына білімге құштарлықты, адамгершілік пен отансүйгіштік қасиеттерді сіңіре білген Фатима ананың өмір жолы ананың ұлттағдырындағы орны қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетеді.

Осы тағылымды тұлғаның өміріне зер сала отырып, біз еліміздің әр өңірінде саналы ұрпақ тәрбиелеп қана қоймай, қоғамдық өмірде белсенді еңбек етіп жүрген, өз саласында табысқа жеткен, елдің дамуына үлес қосқан аналардың еңбегін де ерекше атап өтуді жөн көрдік. Сондықтан «Ұлы ана» қоғамдық медалі қоғам игілігі жолында аянбай еңбек етіп, кәсіби және қоғамдық қызметте биік белестерді бағындырған аналарды да ұлықтауды көздейді.

Осы игі ойдың нәтижесінде «Ұлы ана» қоғамдық медалі конкурсы дүниеге келді. Бұл марапат – ана еңбегіне деген құрметтің, ел дамуына үлес қосқан әйелдерге деген шынайы ризашылықтың белгісі.

Қоғамдық марапаттың жаңа форматы

«Ұлы ана» медалі – мемлекеттік емес, бірақ қоғамдық маңызы өте жоғары марапат. Оның ерекшелігі – аналық мейірім мен жанқиярлықты тек биологиялық ана ұғымымен шектемей, адамгершілік пен қамқорлықтың кең мағынасында бағалауында.

Медальдің негізгі мақсаты – ел дамуына, ұлттық құндылықтарды сақтауға, жас ұрпақ тәрбиесіне және қоғамдық келісімді нығайтуға үлес қосқан аналарды қоғам алдында мойындау.

Жобаның міндеттері қоғамдағы отбасы институтын нығайтуға және ананың рухани-әлеуметтік рөлін кеңінен насихаттауға бағытталды. Атап айтқанда, бастама дәстүрлі отбасы құндылықтарын сақтауды, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуды, жастардың

рухани-адамгершілік тәрбиесін қолдауды және ананың қоғамдағы мәртебесі мен рөлін дәріптеуді көздеді. Сонымен қатар әйелдердің мәдениет, білім, спорт және азаматтық қоғам салаларына қосқан үлесін кеңінен дәріптеу де жобаның маңызды бағыттарының бірі болды. «Ұлы ана» медалін табыстау рәсімі де ерекше форматта ұйымдастырылып, жеңімпаздарға «Ұлы ана» медалі, қоғамдық мойындау дипломы және ақшалай сыйақы табысталды.

Ұлттық құндылықтарды жаңғыртқан ақпараттық жоба

Жоба аясында кең көлемді ақпараттық жұмыс жүргізілді. Әлеуметтік желілерде арнайы парақшалар ашылып, «Ұлы ана» медалінің мәнін түсіндіретін мазмұнды материалдар жарияланды.

Онда қазақ тарихындағы ұлтқа өнеге болған аналардың өмір жолдары насихатталды. Ұмай ана, Домалақ ана, Тұмар патшайым, Зере әже, Айғаным ханым, Нағиман Батанқызы, Айша Есейқызы секілді тарихи тұлғалардың тағылымды өмірі көпшілікке үш тілде ұсынылды.

Сонымен қатар қазақ мәдениеті мен әдебиетінде өшпес із қалдырған Жамал Омарова, Әмина Өмірзақова, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Фариза Оңғарсынова, Ақұштап Бақтыгереева секілді асыл аналардың өмірі кеңінен дәріптелді.

Бұл жоба тек конкурс емес, ұлттық тәрбие мектебіне айналды деуге толық негіз бар.

38 тағдыр – 38 өмірлік ерлік

Конкурсқа Қазақстанның түкпір-түкпірінен 38 үміткер қатысты. Олардың қатарында педагогтар, дәрігерлер, мәдениет қайраткерлері, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйым жетекшілері, ерекше бала тәрбиелеп отырған аналар мен ұлттық құндылықтарды дәріптеп жүрген қоғам белсенділері болды.

Қатысушылардың өмір жолдары бір-біріне ұқсамайды. Алайда бәрін біріктіретін ортақ қасиет – төзім, мейірім, жанқиярлық және қоғам алдындағы жауапкершілік.

Комиссия мүшелері конкурс





материалдарын саралау барысында көптеген тағдырлардың терең әсер қалдырғанын атап өтті.

Ақын, жазушы Сәуле Досжан конкурс туралы пікірінде:

«Қандай адамдардың қатысқанына қарасақ, біздің өткізіп жатқан бәйгеміздің қаншалықты салмақты екенін білдіреді», – деп атап өтті.

Ал қоғам қайраткері Ерболат Әлиадин:

«Бұл конкурс – ұрпаққа жасалып жатқан еңбек. Біз анаға деген сый-құрметімізді көрсетеміз және дәлелдейміз», – деді.

Комиссия: елдің зиялы қауымы бас қосқан алқалы орта

2026 жылғы 7 мамырда Алматы қаласындағы Alatau Creative Hub алаңында өткен комиссия отырысына қоғам қайраткерлері, сенаторлар, жазушылар, мәдениеттанушылар, суретшілер, ғалымдар мен қоғам белсенділерінен құралған 24 сарапшы қатысты.

Олардың қатарында Сенат депутаттары Нұртөре Жүсіп пен Бибігүл Жексенбай, мемлекет және қоғам қайраткерлері Сәт Тоқпақбаев, Алик Шпекбаев, ақын-жазушылар Сәуле Досжан, Камал Әлпейісова, қоғам белсенділері Айгүл Соловьева, Зәуреш Батталова және басқа да белгілі тұлғалар болды.

Комиссия жұмысының ерекшелігі – үміткерлердің тек ресми жетістіктеріне емес, олардың адамдық болмысына, өмірлік күресіне және рухани өнегесіне ерекше мән берілуінде.

Қаржыландыру

Бастапқыда «Ұлы ана» медалінің бас жүлдесі ретінде 5 миллион теңге көлеміндегі сыйақыны тек бір жеңімпазға табыстау жоспарланған болатын. Алайда конкурсқа қатысқан үміткерлердің өмір жолы, қоғамға сіңірген еңбегі, аналық жанқиярлығы мен тағдырлы оқиғаларымен танысқан комиссия мүшелері бір ғана жеңімпазбен шектелу әділетсіз болады деген ортақ пікірге келді. Осыған байланысты комиссия отырысында қосымша II және III жүлделі орындарды тағайындау туралы ұсыныс көтеріліп,



нәтижесінде конкурс қорытындысы бойынша барлығы үш жүлделі орын белгіленді. Комиссия мүшелері бұл шешімнің аналардың еңбегіне көрсетілген қоғамдық құрметтің көрінісі екенін ерекше атап өтті.

Осылайша, I орын иегеріне 5 миллион теңге көлеміндегі бас жүлде сақталды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Парламентінің II шақырылым депутаты, қоғам қайраткері Айгүл Соловьева II орын иегеріне өз атынан 1 миллион теңге көлемінде демеушілік көрсететінін мәлімдеді. Ал III орынға тағайындалған 500 мың теңге көлеміндегі сыйақы қоғам қайраткері, Халық Қаһарманы Сәт Тоқпақбаевтың отбасы атынан қаржыландырылды. Бұл шешім комиссия мүшелерінің аналардың тағдырына деген ерекше жанашырлығы мен қоғамдық жауапкершілігін айқын көрсетті.

Бас жүлде – аналықтың ең биік үлгісіне берілген құрмет

Комиссия шешімімен I орын және 5 миллион теңге сыйақысы Арғынбаева Сәуле Телтайқызына табысталды.

Бұл шешім комиссия мүшелерінің бірауыздан қолдауына ие болды.

Сәуле Телтайқызы – Семей ядролық полигонының зардабын тартқан отбасында дүниеге келген жан. Ол өмір бойы ерекше күтімді қажет ететін інісі, әлемге танымал суретші әрі халықаралық антиядролық қозғалыс белсендісі Кәріпбек Күйіковке ана орнына ана болды.

Кәріпбек Күйіков екі қолсыз дүниеге келсе де, бүгінде халықаралық деңгейде мойындалған суретші. Оның туындылары АҚШ, Жапония, Германия елдерінің коллекцияларында сақтаулы. Ол БҰҰ мінберінде сөз сөйлеп, ядролық қарусыздану мәселесін көтерген тұлға.

Бірақ осы жетістіктің артында үнсіз еңбек еткен адам – Сәуле апай.

Комиссия мүшесі Камал Әлпейісова өз сөзінде:

«Бұл кіп-кішкентай қыздың үлкен жүрегі бар. Сол қамқорлықтың арқасында Кәріпбек қандай тамаша тұлғаға айналды», – деді.

Ал Сенат депутаты Бибігүл Жексенбай:



«Ол інісінің қолы болды, жүрегі болды, тірегі болды», – деп Сәуле Телтайқызының аналық миссиясын ерекше бағалады.

Қоғам қайраткері Айгүл Соловьева да:

«Физиологиялық тұрғыдан ана болу міндетті емес. Ана болу – махаббат пен қамқорлықтың өлшемі», – деп пікір білдірді.

Бұл шешім қоғам тарапынан да үлкен қолдау тапты.

Жеңімпаздар – өнегенің символы

II орын және 1 миллион теңге сыйақысы Дәулет Ләйле Ноғайқызына берілді.

Ол ұлттық қолөнерді халықаралық деңгейде насихаттап, қазақтың дәстүрлі мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосып келеді. Сонымен бірге жеті бала тәрбиелеген өнегелі ана.

III орын және 500 мың теңге сыйақысы Кенбаева Түркен Ибраһымқызына табысталды.

Жалғызбасты ана ретінде ерекше қажеттілігі бар қызын тәрбиелеп отырған Түркен ханымның өмір жолы комиссия мүшелерін ерекше әсерге бөледі. Оның қызы бүгінде паралимпиадалық спортпен айналысып, жетістіктерге жетіп келеді.

Жобаның рухани маңызы

«Ұлы ана» медалі – жай ғана марапат емес. Бұл – қоғамның аналар алдындағы алғысы, рухани тағзымы.

Жоба қоғамда бірнеше маңызды құндылықтарды қайта жаңғыртуға ықпал етті. Ең алдымен, ананың қоғамдық мәртебесін көтеріп, отбасы институтының қоғам тұрақтылығындағы айрықша маңызын айқындай түсті. Сонымен қатар ұлттық тәрбиенің рөлін күшейтіп, рухани-адамгершілік құндылықтарды кеңінен дәріптеуге жол ашты. Жоба аналық мейірімнің тек биологиялық шеңбермен шектелмейтінін, оның жанқиярлық, қамқорлық пен шексіз махаббаттың биік көрінісі екенін қоғамға тереңінен ұғындырды.

Комиссия мүшесі Зәуреш Батталова:

«Байқаудың басты миссиясы – қоғамға аналықтың шынайы мәнін көрсету», – деп атап өтті.

Ал жазушы Асылы Осман:

«Тапқаннан гөрі баққанды жоғары бағалаймын», – деген сөзімен жобаның рухани өзегін дәл сипаттап берді.

Қорытынды

«Ұлы ана» медалі – Қазақстандағы қоғамдық санаға тың серпін берген ірі рухани-мәдени жоба.

Бұл бастама ананың қоғамдағы орнын жаңа деңгейде танытып қана қоймай, қазақ қоғамына мейірімнің, қамқорлықтың, сабыр мен жанқиярлықтың мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте еске салды.

Ананы ұлықтау – ұлттың өзін ұлықтауы.

Ал «Ұлы ана» медалі – сол ұлт рухының символына айналған тағылымды жоба.

Дайындаған: Тұрсынбек Диана

*«ЮНЕСКО қамқорлығындағы
Мәдениеттерді жақындастыру орталығы»
мемлекеттік музейі «Қазақстан
мәдениетінің ғылыми-зерттеу
институты» филиалының ғылыми
қызметкері*



ТҰРСЫНБЕК ДИАНА ТӨЛЕБИҚЫЗЫ

«ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді
жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі
«Қазақстан мәдениетінің ғылыми-зерттеу институты»
филиалының ғылыми қызметкері

«Ұлы ана» жобасы

*Елімізде бұрын-соңды болмаған,
Жоба өтті – ана еңбегін қолдаған.
Мейірім мен ізгілікті жаңғыртқан,
Тарих бетін толықтырар тың қадам.*

*Қолға алып «Ұлы ана» жобасын,
Ардақ тұтып қайсар қазақ анасын.
Игі жандар мақсат етті елдегі,
Көтеруді аналардың бағасын.*

*Бұл жобамыз дана анадан нұр алған,
Ардақты ана үлгісіне құралған.
Олжастай ұл дүниеге әкелген,
Анамыздың рухы жебеп жүр алдан.*

*Ұрпақтарға мұра болар деседі,
Фатима ана өнегесі кешегі.
Дәл өзіңдей адал, аппақ анадан,
Олжастайын өр рухты ұл өседі.*

*Ар-намысты ұрпағына дарытқан,
Алғысты да алып жүрген халықтан.
Елім деген, жерін сүйген ұрпақтар,
Туылады – Ана деген алыптан.*

*Құндылықты ұрпақтарға жалғаған,
Бар ғұмырын тәрбиеге арнаған.
Үлгілі ісің, артыңда ізің қалмаса,
Сүріп жатқан өміріңде бар ма мән?*

*Бұл байқаудың аясы да ауқымды,
Кең даланың төрт тарабы қамтылды.*

*Әр аймақтан келіп түсті сан дерек,
Аналардың тағдыры да әртүрлі.*

*Ақпаратқа қарағанда қолдағы,
Жеңімпазды таңдау оңай болмады.
Небір қайсар үміткерлер жиналды,
Бір-біріне ұқсамайтын жолдары.*

*Отыз сегіз тағдыр – отыз сегіз шын,
Мейлі көзге оңай болып көрінсін.
Бұл тағдырдың бұралаңы, соқпағы,
Талап етер кейде анадан төзім шын.*

*Бірі сазбен тербеп байтақ даланы,
Бірі – ұстаз қолдан түспес қаламы.
Үнсіз ғана қарсы тұрып сынаққа,
Өсіреді бірі «ерекше» баланы.*

*Бірі өрнекпен өрген қиын тағдырын,
Көрсетсе де қатал өмір тарлығын.
Бірі – сақтап жанұясын, отбасын,
Бірі – жалғыз көтеріп жүр бар жүгін.*

*Қазыларға оңай болған жоқ бұл сын,
Әр ананың көрдік қайсар бір күшін.
Бірін оздыр, бірін кейін қоя алмай,
Сараладық сан тағдырдың үлгісін.*

*Ана жолы – адамдықтың айғағы,
Берекенің таусылмайтын қайнары.
Сол еңбекті дәріптейтін, қолдайтын,
Қазағымның биік болғай байрағы.*